

2012 жылға арналған Ұзынкөл ауданында ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 90 қаулысы.
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 2 сәуірде № 9-19-172 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . Б е к і т і л с і н :

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес 2012 жылға ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары;

2) аудандық бюджет қаражатынан ең төмен жалақының бір жарым мөлшерінде қоғамдық жұмыстарда жұмыспен қамтылған азаматтардың еңбекақысы.

2. Жұмыссыздарды уақытша жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыстар п а й д а л а н ы л с ы н .

3. Қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуы "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және тізбеде белгіленген ұйымдар арасында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындау шартында көрсетілген жағдайларда жүргізілсін.

4. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" м е м л е к е т т і к м е к е м е с і :

1) қоғамдық жұмыстарды орындауға жұмыс берушілермен үлгілік шарттарды ж а с а с ы н ;

2) қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайларын есепке алсын;

3) ауданның бюджет қаражатынан қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбек ақысын өтеу, оның ішінде 2012 жылға белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын, табыс салығын төлеу үшін, жұмыс берушілердің есеп айрысу шоттарына ақшалай қ а р а ж а т т ы а у д а р с ы н ;

4) жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығындар, жалақыны аудару мен төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметі үшін комиссиялық сыйақы төлеуге арналған

шығындар шартпен белгіленген мөлшерде аудандық бюджеттен өтелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау ауданы әкімінің орынбасары Э.К. Күзенбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ з ы н к ө л

ауданының әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері

Қ. Ержанов

Ә к і м д і к т і ң

2012 жылғы 1 наурыздағы № 90

қаулысына қосымша

2012 жылға ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары

№	Ұйым атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі	Нақты жағдайлары
	Қостанай облысы әкімдігі денсаулық	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін күнделікті жұмыстарға көмек: аумақты жинау және абаттандыруға көмек; жөндеу жұмыстарын өткізудегі көмек; Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ұзынкөл аудандық		Қазақстан Республикасының заңнамасымен еңбек қарастырылған

1.	<p>с а қ т а у басқармасының " Ұ з ы н к ө л аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны</p>	<p>орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Бауман, Ершов, Киев, Киров, Куйбышев, Новопокров, Петропавл, Ча п а й, Федоров, Пресногорьков, Рос сия, Суворов, Карлмаркс, Ұ з ы н к ө л селолық округтерінің, Троебрат, Ұ з ы н к ө л, Рязск селоларының аумағындағы т ұ р ғ а н объектілерін жөндеуге және абаттандыруға қатысу.</p>	<p>151200 сағат</p>	<p>шектеулерді есепке алып, қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспайтын, екі демалыс күндерімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліс.</p>
----	---	---	-------------------------	---